



## Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 27 маусым N 886

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы мақұлданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 27 маусымдағы  
N 886 қаулысымен  
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік  
қорғау тұжырымдамасы

Кіріспе

Әлеуметтік қорғау - бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған ж ү й е .

Қазақстан мүше болып табылатын Халықаралық еңбек ұйымының анықтауы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі мынадай шаралар кешенін қамтиды: тұрақты, ақылы еңбекке ынталандыру;

негізгі әлеуметтік қатерлердің алдын алу, ал ол туындаған жағдайда әлеуметтік сақтандыру тәсілдері арқылы сол қатердің салдарынан айрылған табысының бір бөлігін қ а л п ы н а к е л т і р у ;

халықтың әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспайтын әлсіз топтарына арналған әлеуметтік көмек тәсілдері;

азаматтардың білім және медициналық көмек сияқты негізгі құқықтар мен қызметтерге қол жеткізуі.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің сандық көрсеткіштері экономикалық даму деңгейімен анықталса, ал адамдар арасындағы ынтымақтастық, мемлекеттік институттардың қатысу дәрежесі мен еңбекке ынталандыру деңгейі таңдалған әлеуметтік-экономикалық модельмен өзара байланыста болады.

Даму деңгейі бірдей мемлекеттерді өзінде де тарихи, мәдени, саяси және өзге де факторларға байланысты, әлеуметтік қорғау жүйесінде ынтымақтастықтың және мемлекеттік институттардың қатысуының әртүрлі деңгейі орын алуда.

Толық ынтымақтастыққа негізделген жүйеде жарна мен төлемнің арасында өзара байланыс болмайды. Және төлем алу құқығы қатерлі жағдай орын алған сәттен туындайды да, оның деңгейі адамның жүйеге қосқан үлесіне тәуелді болмайды. Қаржыландыру бүкіл салық төлеушілер мойнына түседі де, әлеуметтік қорғау жүйесінен төлем алу құқығына барлық азаматтар ие болады. Мұндай жүйеде табыстарды қайта бөлу тетігі және қаржыландырудың бірден бір көзі мемлекеттік бюджет болып табылады, ал реттеуші ретінде мемлекет әрекет етеді. Толық ынтымақтастыққа негізделген жүйеде барлық азаматтарға әлеуметтік қорғаудың бірдей , әдетте, ең төменгі деңгейін ұсынады.

Шектеулі ынтымақтастыққа негізделген жүйеде төлемдерді алу құқығы адамның жарнасына байланысты болады. Әдетте, мұндай жүйе еңбеккерлер мен жұмыс берушілердің аударымдары есебінен қаржыландырылады, ал жарнасына қарай төлемдерді алу құқығына аударымдар жасаған (немесе олар үшін жұмыс беруші аударым жасаған) азаматтар ғана ие болады. Мұндай жүйелер, әдетте, халықтың белгілі бір тобын, мысалы, ресми жұмыс істейтін еңбеккерлерді немесе белгілі бір еңбек ұжымының еңбеккерлерін әлеуметтік қорғаудың қосымша көзі болып табылады.

Бұдан басқа, ынтымақтастық белгісі жоқ, әр азамат өмірдегі қатер жағдайына қаражатты дербес жинайтын әлеуметтік қорғау жүйелері де бар.

Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, әлеуметтік қорғаудың неғұрлым тиімді және кешенді жүйелері, әдетте: 1) мемлекеттік жәрдемақылар; 2) міндетті әлеуметтік сақтандыру; 3) жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру; 4) әлеуметтік көмек сияқты негізгі элементтерді қамтиды деген қорытынды жасауға б о л а д ы .

Мемлекеттік жәрдемақылар әлеуметтік қорғауға жататын жағдайлар туындаған кезде барлық азаматтарды кепілдікті төлемдермен белгілі бір деңгейде қамтамасыз

е т у г е

а р н а л ғ а н .

Жұмыс берушілер мен еңбеккерлер аударымдарының есебінен қаржыландырылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі төленген жарна деңгейіне сай ресми жұмыс істейтін еңбеккерлерді қосымша қорғауға арналған.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі әр азаматтың зейнетақы жинақтарын жасау процесін реттеуге арналған.

Әлеуметтік көмек азаматтардың жекелеген санаттарын бюджеттің қаражаты есебінен қосымша қорғауға арналған.

Бұдан басқа, азаматтың әлеуметтік қатерлерден өзін өзі ерікті сақтандыруға құқығы бар.

Осындай аралас жүйе ынтымақтастыққа негізделген және дербестендірілген жүйелердің артықшылықтарын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу аяқталып келеді. Әлеуметтік қорғаудың жүйесі өзгерген экономикалық қатынастарға сәйкес болуы қажет.

Өтпелі кезеңінің бастапқы кезінде мемлекет инфляция, бюджет тапшылығы, өндірістің құлдырауы, экономиканың бейресми секторының өсуі жағдайында әлеуметтік қорғаудың ағымдық мәселелерімен айналысуға мәжбүр болды. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізу мен заттай жеңілдіктерді ақшалай төлемдермен ауыстыруды қоспағанда, әлеуметтік саладағы реформалардың нәтижесі ағымдық мәселелерді шешуге арналған жауап қадамдар болды.

Жүргізілген қайта құруларға қарамастан, қазіргі кезде әлеуметтік қорғау жүйесі күрделілігімен және заңнаманың жүйелілігінің жеткіліксіздігімен, жүйеге қатысуға ынталандырудың төмен деңгейімен сипатталады.

Соңғы жылдарда экономикадағы қолайлы өзгерістер және тұрақты өсуді қамтамасыз ету жөнінде қабылданып жатқан шаралар әлеуметтік қорғаудың кешенді жүйесін құруды қолға алуға мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты Қазақстанның қазіргі және болашақтағы басымдықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, халықты әлеуметтік қорғаудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі туындады.

Азаматтардың білім және медициналық көмек саласында қызметтер көрсетуге қол жеткізуі бұл Тұжырымдаманың шеңберінде қаралмайды, өйткені олар басқа бағдарламалық құжаттармен айқындалады.

Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі жай-күйі

Қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесінде толық ынтымақтастық және мемлекеттік институттардың қатысу деңгейі басым да, ынталандыру деңгейі төмен.

Мүгедектігіне, асыраушысынан айрылуына байланысты, жұмыссыздығы мен жасы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі толық ынтымақтастық қағидатына негізделген.

Барлық жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - азаматтар) өмірдегі қатерлі жағдайлар туындаған кезде еңбек қызметіне қатысуына және жарнасына қарамастан, егер заңдар мен халықаралық шарттарда өзгедей көзделмесе, бірдей деңгейде мемлекеттік жәрдемақылар алады. Бұдан басқа, әлеуметтік төлемдерді есептеудің экономикалық негізделген нормативтері мен еңбекақы жүйесінде өзара байланыс болмауының салдарынан жұмыс істейтін халықтың табыс деңгейі мен әлеуметтік төлемдер арасында тиісті байланыс болмай отыр. Нәтижесінде, жұмыс істейтін халықтың бір бөлігі әлеуметтік жүйеге үлесі болмаған азаматтардың алатын әлеуметтік жәрдемақы мөлшерінен де аз жалақы алады.

Жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда аударымының мөлшеріне қарай қосымша қорғаудың шектеулі ынтымақтастыққа негізделген жүйесі республикада жоқ.

Азаматтың еңбек үлесі ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінде ішінара ғана ескеріледі. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі - қартайған шақтағы қамсыздандырудың қатысушылар арасында ынтымақтасусыз, жинақтау қағидатына негізделген жүйеге қатысуға пәрменді ынталандыратын бірден бір түрі.

Қолданылып жүрген заңнамада әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда ерікті сақтандыруды жүзеге асыру көзделген, ол бірқатар факторларға байланысты тиісті деңгейде дамымай отыр.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі қаржыландыру көзі мен жалпы реттеушісі мемлекет болып табылады. Заңнамаға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсетіледі. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін қоспағанда, әлеуметтік қорғау жүйесінде ынталандыру деңгейі төмен.

Қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін шектейтін негізгі кемшіліктер мыналар:

жетілдірілмеген заңнама - әлеуметтік саланы реттейтін заңнама әлеуметтік қатерлер мен төлемдерге негізделмей, төлемдер түрлері бойынша қалыптастырылған;

әділдігі жеткіліксіз және ынталандыру деңгейі төмен - әлеуметтік жәрдемақылар алу құқығын іске асыру кезінде салықты төлеп, азаматтық борышын атқарып жүрген еңбеккерлердің салық аудармайтындардың алдында артықшылығының болмауы;

айқындықтың жеткіліксіздігі - әлеуметтік төлемдерді алу процесін қадағалауға арналған дербес сәйкестендіру жүйесінің қалыптасу сатысында болуы.

Қолданылып жүрген жүйені сақтау орын алған кемшіліктердің одан әрі тереңдеуіне, жүйеден төленетін төлемдер мен салымдар көлемі арасындағы байланысты босаңсытуға, соның нәтижесінде салықтар мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне міндетті жарналарды төлеуден жалтаратын адамдардың көбейіп кетуіне апарып соқтыруы мүмкін.

## Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары

Әлеуметтік қорғау жүйесін реформалауға жалпы көзқарас

Әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары халықаралық тәжірибе мен қазіргі жағдайды талдаудан туындайды. Нарық жағдайларына сәйкес келетін және тұрақты ақылы еңбекке ынталандыруды қалыптастыратын, әкімшілік шығындары төмен, халықты қамту деңгейі неғұрлым жоғары жүйе құру көзделіп отыр.

Жаңа жүйе адам өмірде тап болуы мүмкін негізгі қатерлерден халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге арналған ынтымақты және дербестендірілген жүйелердің, міндетті және ерікті сақтандырудың элементтерін қамтитын аралас жүйе болады.

Әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері экономикалық өсуді қолдау элементтерін қамтуы, қатерлі жағдайлар туындаған кезде барлық азаматтарға қорғау көрсетуде әділ болуы; тиімді жұмыс істеуі және халықты неғұрлым толық қамтуы тиіс.

Әлеуметтік саланы реттейтін заңнама әлеуметтік қатерлердің негізінде қалыптастырылады.

Әлеуметтік қорғаудың іске асыруға ұсынылып отырған жүйесі:

әділ - әлеуметтік қорғау құқығын іске асыру алушылар үшін жеңіл, қол жетерлік болуы тиіс. Мемлекет кепілдік берген ең төменгі жәрдемақылар көлемі бірдей әлеуметтік қатер туындаған кезде еңбек өтілі мен жалақысына байланыссыз төлемдердің кең деңгейін ұсынуы тиіс. Сонымен бір мезгілде, қосымша қорғау деңгейі әрбір нақты адамның қатысуының ұзақтығы мен мөлшеріне байланысты болуы керек;

әрбір азаматтың мемлекетке тәуелділігін емес, оның жеке жауапкершілігін ынталандыруы тиіс. Тұтастай алғанда, барлық еңбекке қабілетті азаматтар өзінің жеке басының болашағы мен өз отбасының әл-ауқаты үшін жауапты болуға ұмтылуы тиіс;

пәрменді - жәрдемақылар атаулы болуы тиіс, яғни оны алуға құқығы бар және оған аса мұқтаж адамдарға беріледі;

тиімді, яғни ашық және жақсы басқарылатын, шығыны аз және қарапайым болуы қажет. Жүйенің негізгі компоненттері икемді реттелуі қажет;

қол жетерлік, яғни белгілі бір мерзім ішінде халықтың барынша толық қамтылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Осы айтылғандарды ескере отырып, әлеуметтік қатерлер негізінде қорғаудың мынадай элементтерін қамтитын әлеуметтік қорғау жүйесін ұйымдастыру көзделіп отыр:

барлық азаматтарға әлеуметтік қатерлерге қарай бюджет қаражатының есебінен бірдей деңгейдегі мемлекеттік төлемдер беру;

алғашқы кезеңде міндетті әлеуметтік сақтандыруды жұмыс берушілер есебінен

және келешекте еңбеккерлерді де аударымдары есебінен жүргізу;  
жинақтаушы зейнетақы жүйесі;  
әлеуметтік көмек және белгілі бар санаттағы азаматтарды бюджеттің қаражаты  
есебінен қолдаудың арнаулы мемлекеттік бағдарламалары.

Бұдан басқа, азаматтардың әлеуметтік қатерлерден өздерін ерікті сақтандыруды  
жүзеге асыруы көтермеленетін болады.

Қазақстанның ерекшелігін, халықаралық тәжірибені ескере отырып, әлеуметтік  
қорғау жүйесінің ұйымдастыру негізін қараған кезде мемлекеттік және сол сияқты жеке  
меншік институттардың мүмкіндіктері тиімді пайдаланылатын аралас жүйеге  
артықшылық берілуі тиіс.

Барлық әлеуметтік төлемді неғұрлым тиімді басқару және бақылау үшін әрбір  
азаматқа дербес бірдейлендірілген код бере отырып, дербес бірдейлендірудің жалпы  
мемлекеттік жүйесі мен ұлттық дерекқоры жасалуы тиіс.

Ана мен баланы кең ауқымды әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттің бүкіл  
әлеуметтік қорғау жүйесінің басымдықтарының бірі болады. Келешекте әлеуметтік  
қорғау жүйесінің жетілдірілуі барысында әлеуметтік қорғауға мұқтаж қатерлер тізбесі  
кеңейтіледі. Мәселен, демографиялық процестерді қолдау мақсатында бала туу мен  
оларды тәрбиелеу әлеуметтік көмекке мұқтаж жағдай ретінде қаралады. Қолдау  
көрсету ретінде бала туғанда бір жолғы жәрдемақы және жасы кәмелетке толмаған  
балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына қосымша жәрдемақы беру енгізілетін  
болады.

Мүгедектік проблемаларын шешу бойынша іс-шаралар әзірлеу, мүгедектердің  
мұқтаждарына арналған өндірістерді мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру,  
мүгедектердің негізгі құқықтар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз  
ететін мемлекеттік стандарттарды енгізу қарастырылады. Әлеуметтік қатерлердің  
алдын алудың және мүгедектерді оңалтудың (медициналық, әлеуметтік, кәсіби) жеке  
бағдарламаларын дамыту, мүгедектерді әлеуметтік, еңбекпен бейімдеу жүйесін құру,  
мүгедектердің қоғамға кірігуіне жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.  
Бұл ұсыныстар әзірленіп жатқан Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға  
арналған бағдарламасында көрініс табады.

Атаулы әлеуметтік көмек мұқтаждықтың нақты өлшемдері негізінде халықтың ең аз  
қорғалған топтарына ғана берілетін болады. Бұдан басқа, адамдардың белгілі бір  
топтарына - соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге және көп балалы аналарға қосымша  
қорғау көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалар әзірленеді.

Әлеуметтік қорғауды реформалауда әлеуметтік нормативтердің ролін арттыру, ең  
төменгі жалақыны кезең-кезеңімен көбейтіп, күнкөріс деңгейіне жақындату маңызды  
болып табылады. Әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік-экономикалық табиғаты  
бар нормативтерге негізделіп есептелетін болады.

Әлеуметтік қатерлердің туындау мүмкіндігін болдырмау және оны қысқарту

мақсатында мемлекет алдын алу сипатындағы шараларды қабылдайтын болады. Жұмысынан айырылып қалудың алдын алу, сондай-ақ азаматтардың тұрақты ақы төленетін еңбек қызметін тауып алуын ынталандыру мақсатында мемлекет жұмыс орындарын құру бағдарламаларын жетілдіреді. Азаматтардың еңбек міндеттерін атқару кезінде денсаулығы мен өміріне зиян келу қаупінің алдын алу үшін мемлекет еңбек туралы заңнамалар мен еңбекті қорғау туралы заңнамалардың сақталуына бақылауды күшейтеді. Мүгедектікке ұшырау қатерін азайту мақсатында медициналық көмек көрсетуді жетілдіру, соның ішінде оны қаржыландыру тетігін жетілдіру арқылы ж е т і л д і р у к ө з д е л у д е .

Жасы бойынша, асыраушысынан айрылу және еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақылар алушыларды әлеуметтік сақтандыруды енгізу кезіне дейін тағайындалған төлемдерді қамтамасыз ету қағидаттары өзгерістерге ұ ш ы р а м а й д ы .

Әлеуметтік қорғаудың барлық жүйесі тікелей немесе жанама түрде қызметкерлер мен жұмыс берушілердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын болғандықтан, әлеуметтік қорғау жүйесіне әрбір нақты азаматтың ғана емес, Үкіметтің әлеуметтік әріптестерінің - еңбекшілердің кәсіптік одақтарының және жұмыс берушілер бірлестіктерінің қатысу деңгейін көтеру көзделеді.

Өмірде қатерлер туындаған кезде әлеуметтік қорғаудың негізгі тетіктері

Әлеуметтік салықты төлейтін ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің бәрі асыраушысынан айрылу жағдайы, еңбек ету қабілетінен және жұмысынан айрылуы бойынша әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізгенде алғашқы кезеңінің ерекшеліктері ескеріледі. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін қаржыландыру алғашқы кезеңде жұмыс берушілердің аударымдары есебінен және келешекте қызметкерлердің де аударымдары есебінен жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Еңбек ету қабілетінен айрылған және асыраушысынан айрылған жағдайда ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у

Еңбек етуге қабілетті жастағы азаматтардың мүгедектік дәрежесін бағалау кезінде тіршілік әрекетінің шектелуін ғана емес, еңбек ету қабілетінің де шектелу дәрежесін ескеру қарастырылады. Мүгедектік мәртебесін беру және еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін анықтау, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен медициналық-әлеуметтік сараптау комиссияларының жауапкершілігін межелеу рәсімдері жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айрылу жағдайында әлеуметтік қорғау

жүйесін реформалау мынадай құрылымдарды енгізуді көздейді:

Бірінші деңгей: барлық азаматтарға бюджет қаражаты есебінен бірдей деңгейдегі жәрдемақы беру (әлеуметтік қатерлердің түріне қарай).

Екінші деңгей: ресми жұмыс істейтін қызметкерлерге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен зейнеткерлік жасына жеткенге немесе сақтандыру төлемдерін беруге негіз болған жағдаяттар тоқтатылғанға дейін қосымша төлемдер беру.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесінен берілетін төлем мөлшері, аударымдарының ұзақтығы және еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесіне немесе асырауындағылардың санына қарай белгілі бір уақыт ішіндегі орташа жалақысын алмастыру коэффициенті негізінде есептелетін болады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінен берілетін төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын болады. Қызметкердің жарна аударымдары жүргізілетін және төлемдер тағайындалатын табысының ең жоғары шегі заңмен белгіленетін болады.

Үшінші деңгей: еңбек міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның және кәсіби аурудың салдарынан еңбек қабілетінен айрылған және асыраушысынан айрылған жағдайда сақтандыру ұйымынан төлем беру түрінде оны зейнеткерлік жасқа толғанға немесе сақтандыру төлемдерін беруге негіз болған жағдаяттар тоқтатылғанға дейін қосымша әлеуметтік қорғау көзделеді. Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесі енгізілетін болады. Сақтандыру жұмыс берушімен сақтандыру ұйымының арасында жасалған шарттың талаптарында жұмыс берушінің сақтандыру ұйымына міндетті аударымдарының есебінен жүзеге асырылады. Еңбек міндеттерін атқару кезінде азамат еңбек қабілетінен және асыраушысынан айрылған жағдайда бюджеттің қаражаты есебінен әлеуметтік қатердің тиісті түрі бойынша жәрдемақы алуға, әлеуметтік сақтандыру жүйесінен және сақтандыру компаниясынан төлем алуға құқылы. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы зардап шегушіні протездеуге, емдеу мен оңалтуға, оның еңбек ету қабілетін қалпына келтіруге кеткен және т.б. шығыстарын өтейді. Сақтандыру ұйымынан төленетін төлемдерден де міндетті зейнетақы жарналары ұсталады.

Сақтандыру компанияларынан төленетін төлемдердің мөлшері заңмен белгіленеді және жұмыс берушілерге сақтандыру шарттарын уақтылы жасамағаны үшін салынатын айыппұл жазаларының жүйесі енгізіледі. Сақтандырудың осы түрін енгізу жұмыс берушілерді еңбек қауіпсіздігі шарттарын сақтауға және жақсартуға ынталандыратын болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің мемлекеттік мекемелердің сметасы есебінен біржолғы өтемақы төлеу түріндегі айрықша тәртібі белгіленеді.

Бұдан басқа, азаматтарды еңбек ету қабілетінен айрылу және асыраушысынан



айрылу жағдайы бойынша жеке өздерінің қаражаты есебінен ерікті сақтандыру ынталандырылатын болады.

Жұмысынан айрылу жағдайында әлеуметтік қорғау

Жұмысынан айрылу жағдайында азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау оның екі деңгейлі құрылымын енгізуді көздейді.

Бірінші деңгей: жергілікті бюджеттер есебінен барлық жұмыссыз азаматқа жұмысқа орналасуға, кәсіби қайта даярлауға көмек көрсету, қоғамдық жұмыстар беру жолымен әлеуметтік қорғау.

Екінші деңгей: ресми жұмыс істейтін еңбеккерлерге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен белгілі бір мерзім ішінде төлем ақы беру.

Заңнамада белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылған және белсенді түрде жұмыс іздеп жүрген, сондай-ақ жүйеге белгілі бір үлесі болған азаматтың әлеуметтік сақтандыру жүйесінен төлем алу құқығы туындайтын болады. Төлемнің мөлшері жалақы деңгейіне және сақтандыру аударымдарының ұзақтығына тәуелді болады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінен берілетін төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары ұсталады. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жарна есептелетін және төлемдер тағайындалатын табыстың ең жоғары шегі белгіленетін болады.

Кейбір құқық бұзушылық үшін әртүрлі деңгейде шектеу жүйесі қолданылады, мысалы, мамандығы мен білігі сай келе тұра лайықты жұмыстан бас тарту, өз өтініші бойынша жұмыстан шығу және т.б. үшін төлемді алу мерзімінің кейінге қалдырылуы, оның мөлшері азайтылуы не жойылуы мүмкін.

Жұмыссыздықтан міндетті сақтандыру жүйесін енгізу азаматтарды жұмысынан айрылған кезеңде қамсыздандыру жүйесін едәуір жақсартады және кеңейтеді. Ықтимал алушылар жәрдемақының болжамды мөлшерін білетін болады және жәрдемақы төленетін кезеңнің шектелуін ескеріп, белсенді түрде жұмыс іздеуге ынталы болады. Жұмыссыздарды ақпараттық қолдау мақсатында еңбек рыногында мамандықтар мен аумақтар бойынша сұраныс пен ұсыныстың орталықтандырылған дерекқоры құрылады.

Қартайған кездегі әлеуметтік қорғау

Ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінің өлшемдері жетілдірілетін болады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылған кезде зейнеткерлікке шығу кезеңі ескеріледі. Ынтымақтастықты жүйеден төленетін зейнетақы мөлшері тұтыну бағаларының өсуі және зейнетақы мен қамсыздандыру туралы заңнамада Z970136\_ белгіленген төлемдер бойынша шектеулер ескеріле отырып, өсірілетін болады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ережелерін насихаттау мен түсіндіруді жандандыру көзделуде. Халықты, ең алдымен ауыл тұрғындарын пошта-жинақ қызметінің, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және басқа

институттардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметімен қамтуды кеңейту жөнінде шаралар көзделіп отыр.

Кәсіпорындардың міндетті зейнетақы жарналарын толық және уақтылы аударуын салық органдары тарапынан бақылау жөніндегі шаралар қатайтылатын болады. Бұдан басқа, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы К010155\_ кодекстің кәсіпорындардың міндетті зейнетақы жарналарын аудармағаны үшін айып салу жазаларын көбейтуге қатысты бөлігіне толықтырулар енгізіледі.

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін жетілдіру ынтымақтастықты зейнетақы жүйесінен төленетін төлемдердің жеткіліктігі және зейнетақы төлемдері жеткіліксіз болған ретте ең төменгі зейнетақы мөлшеріне дейін берілетін қосымша түрінде мемлекеттік кепілдіктердің болуы ескеріле отырып, одан әрі жалғастырылатын болады. Аннуитеттік зейнетақы төлемдері рыногын дамыту, соның ішінде азаматтарды жинақтаушы зейнетақы жүйесінен кемінде ең төмен зейнетақы мөлшерінде қамтамасыз ету мақсатында ерлі-зайыпты жұптардың бірлескен аннуитеттерді сатып алуын ынталандыру жөнінде шаралар ұсынылатын болады (зейнетақылық аннуитет - бұл сақтандырылған адам зейнеткер жасына жеткен жағдайда зейнетақы немесе рента түрінде мезгіл-мезгіл сақтандыру төлемдерін төлеуді көздейтін жеке сақтандырудың түрі).

Қолданыстағы зейнетақы заңнамасына Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының өзінен өзі аударым жасалып тұратын қор ретінде функциясын жою, заңдарда белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін дербес инвестициялау құқығын беру бөлігіне өзгерістер енгізіледі.

Аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау

Жаңа жұмыс орындарын ашу және жалақының мөлшерін көбейту арқылы кедейліктің азаюына қол жеткізіледі. Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек азаматтарға ақшалай және заттай, сондай-ақ ақы төленетін қоғамдық жұмыстар беру түрінде көрсетіледі. Атаулы әлеуметтік көмек беру тетігін де, табыс деңгейін бағалау әдістемесін де жетілдіру жалғастырылады.

Заттай нысандағы әлеуметтік көмек еңбек етуге қабілетсіз азаматтарға: балаларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге ғана беріледі. Еңбек етуге қабілетті халыққа әлеуметтік көмек қоғамдық жұмыстарды, қайта оқыту бағдарламаларын қаржыландыру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы да көрсетіледі. Қоғамдық жұмыстардағы ақы деңгейі азаматтардың бұған ұзақ уақыт қатысуын ынталандырмай, тұрақты жұмысты белсенді іздеуге итермелейтін болады.

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерін ұстау сияқты институционалдық көмектің дәстүрлі нысандарымен қатар белгілі тұрағы жоқ азаматтар үшін үй-жайлар, әлеуметтік қонақ үйлерін, аз қамтамасыз етілген адамдар

үшін асханалар ашу сияқты және т.б. атаулы түрлерін де дамыту көзделуде. Әлеуметтік институттар арқылы заттай көмек түрінде жәрдем беру оны жинақтамайтын, ауыстырмайтын немесе қайта сатпайтын жерлерде қолданылатын болады.

## Әлеуметтік қорғау жүйесін құқықтық және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру бағыттары

Әлеуметтік қатер түрлері және төлемдер негіздері жөніндегі заңнаманы кезең-кезеңімен жүйелеу ұсынылып отыр. Азаматтардың жекелеген санаттарын қосымша қорғауға қатысты арнаулы заңнама әзірленетін болады. Әлеуметтік нормативтерді белгілеу әдістемесін одан әрі жетілдіру жоспарланып отыр.

Әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау бүкіл республика халқының мүддесін қозғайтын болғандықтан, халықты барлық мүдделі мәселе бойынша анық та толық ақпаратпен қамтамасыз етуге ерекше мән берілуі қажет. Халықтың арасында қажетті түсіндіру жұмысы әлеуметтік әріптестердің қатысуымен жүргізіледі.

Реформаланатын әлеуметтік қорғау жүйесінде әлеуметтік сақтандырудың рөлі артуын ескере отырып, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде ақпараттық қамтамасыз ету мен есепке алу маңызды мәселеге айналады.

Модель құрылымын жасау жоспарлануда, соған сәйкес жеке тұлғаның бірыңғай тіркеу коды арқылы азаматтың әлеуметтік төлемдерді алуы жүзеге асырылады, түрлі ведомстволарда қолданылып жүрген біредейлендірулер соған негіз болмақшы. Мұндай жүйенің өзекті элементі "Жеке тұлға" деген мемлекеттік дерекқор болып табылады, бұл инфрақұрылымды ұстауға арналған әкімшілік шығыстарын азайтуға, сақтандыру аударымдарын төлеу мен әлеуметтік төлемдерді алу құқығы арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қорғау жүйесінің мұқтаждары үшін актуарлық есептердің әдістемелік базасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылданады (актуарлық есептер - сақтандыру ұйымының төлеу қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептері)

## Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қаржылық және институционалдық қамтамасыз етуді жетілдіру бағыттары

Реформа аяқталғанға дейін мемлекет халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қаржыландыру көзі болып қала береді деп көзделуде. Мұндай жағдай мемлекеттің қатысуының азаюына және әлеуметтік сақтандыру тетіктерінің дамуына қарай

бірте-бірте өзгертін болады. Мемлекет барлық әлеуметтік төлемдердің толығын және уақытында төленуін бюджеттен қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесін қаржыландыру әлеуметтік салық ставкаларын 3% азайту және сақтандыру аударымдарын қызметкер табысының 3% мөлшерінде енгізу есебінен жүзеге асырылады. Бұл ретте аударымдарды төлеушілер алғашқы кезеңде жұмыс берушілер болады. Әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды дербестендіру қызметкердің, кәсіподақтардың және қызметкерлер бірлестіктерінің қаражаттардың аударылу процесін бақылауға ықпалын арттырады. Әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды дербестендіру есебін енгізу әлеуметтік қорғау жүйесін реформалаудың аса маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасында әлеуметтік қорғаудың жаңа саясатын жүзеге асырудың негізгі қағидаты болып табылады. Жүйеге қатысушылардың қызметін бақылау мемлекетте қалатын болғандықтан, мемлекеттің рөлі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайтын әлеуметтік сақтандыру жүйесі мен жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуы деңгейі жоғары болған жағдайдың өзінде де жетекші болады. Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жинақтаушы зейнетақы жүйесі, әлеуметтік сақтандыру және қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу саласындағы әлеуметтік өлшемдерді өзгерту жөнінде шаралар қабылдау үшін актуарлық әлеуметтік күшейтеді.

Әлеуметтік сақтандырудың міндетті түрлерін енгізу жүйеге қатысатын азаматтардың аударымдарын шоғырландыру үшін мамандандырылған институттарды құруды қарастырады. Шектелген ынтымақтастық қағидатына негізделген әлеуметтік сақтандыру жүйесі дамуының халықаралық тәжірибесін ескере отырып, халықтың толық қамтылуын және бүкіл жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету, әкімшілік шығыстарды қысқарту мақсатында мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен жабық акционерлік қоғам түрінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) құрылмақ. Аударымдардың қатысуы мен мөлшерін жеке бақылау арқылы Қор қысқа мерзім ішінде еңбектің ресми секторын, соның ішінде жекеше ұйымдар үшін қызығушылық тудырмайтын шалғайдағы ауылдық аудандарды әлеуметтік сақтандырумен қамтуға мүмкіндік береді. Осымен қатар Қордағы қаражатты мақсаттан тыс пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын бақылаудың пәрменді тетіктері енгізіледі. Қордың инвестициялау қызметінің шеңбері, қаражаттарды басқару және инвестициялау жөніндегі рәсімдер, Қордың активтерді сақтау мен есепке алу құқықтары мен міндеттері заңмен белгіленетін болады. Қордың қаражатын негізінен мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялау көзделеді. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың әлеуметтік сақтандыру жүйесімен тығыз өзара байланысын ескере отырып, оның функциялары мен міндеттері кеңейтіледі. Қордың міндеттемелері қолданылып жүрген акционерлік қоғамдар туралы заңнаманың шеңберінде мемлекеттің акционер

ретіндегі ғана міндеттемелері болып табылады. Сонымен бірге, келешекте міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен төлемдер төленуін ұйымдастыру кезінде жекеше институттардың қатысуын қарастыруға болады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар өзгерген кезде міндетті әлеуметтік сақтандырудың негізгі өлшемдеріне түзетулер у а қ т ы л ы е н г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасының қорытынды ережелері және оны іске асырудың кезеңдері

Осы Тұжырымдама мақұлданғаннан кейін оның негізінде Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғаудың жүйесін жетілдіру жөніндегі бірқатар нормативтік-құқықтық кесімдерді әзірлеу жоспарланып отыр. Іс-шараларды өткізуді мынадай екі кезеңге бөлген жөн:

I кезең (2001-2002 жылдар):

актуарлық есептер жүргізу; 2002 жылдың 1 шілдесінен бастап еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі заңнамалық құжаттарды әзірлеу және қабылдау; мүгедектігі және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік сақтандыруды енгізуді регламенттейтін заңнамалық кесімдерді әзірлеу және қабылдау және оны 2002 жылдың соңынан енгізу; зейнетақымен қамсыздандыру туралы және салық салу туралы заңдарды қоса алғанда, заңдарға халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу; зейнетақылық аннуитеттерді дамыту; мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін регламенттейтін нормативтік базаны әзірлеу; ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін е н г і з у .

II кезең (2003-2005 жылдар):

жұмыстан айрылу қатерін міндетті әлеуметтік сақтандыру есебінен өтелуге жататын әлеуметтік қатерлер тізбесіне енгізу; әлеуметтік төлемдерді жеке тұлғаның бірыңғай тіркелу коды негізінде тағайындауға көшу; азаматтардың табысын есепке алудың әдістемелік базасын жетілдіру; ең

төменгі жалақыны ең төменгі күнкөріс деңгейіне бірте-бірте жақындату; аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмектің жаңа нысандарын дамыту; бюджеттің есебінен берілетін көмектің міндетті түрлеріне бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақыларды, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына берілетін төлемдерді енгізу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК